

**Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды)
кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу кезіндегі мемлекеттік органдардың өзара
іс-қимыл жасау ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1195 Қаулысы
. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.12. N 799 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.12. N 799
Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды
және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 25
желтоқсандағы N 2727 заң күші бар Жарлығының 3-1-бабына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық
ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу кезіндегі мемлекеттік
органдардың өзара іс-қимыл жасау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 5 қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 9 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды)
кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу кезіндегі мемлекеттік
органдардың өзара іс-қимыл жасау ережесі**

1. Осы Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды)
кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу кезіндегі мемлекеттік органдардың өзара
іс-қимыл жасау ережесі (бұдан әрі - Ереже) тіркеуші органдардың жылжымайтын
мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді
жүргізу кезіндегі мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимыл жасау
т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Осы Ереже қолданылатын мемлекеттік органдарға облыстардың, Астана
және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары, жер ресурстарын
басқару жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары, республикалық

мемлекеттік меншікті иеленуге Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген мемлекеттік орган мен оның аумақтық органдары, салық органдары, тіркеуші орган (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) жатады.

3. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу кезіндегі мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы құқықтық кадастрды жылжымайтын мүлікке құқықтары (құқықтық ауыртпалықтары), соның ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу жүйесі енгізілгенге дейін туындаған құқықтары (құқықтық ауыртпалықтары) мемлекеттік тіркеуден өтпеген жылжымайтын мүлік объектілерінің құқық иеленушілері туралы деректермен толықтыру мақсатында жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік органдардың жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізу кезіндегі негізгі міндеті тіркеуші органды жылжымайтын мүлік объектілері, олардың құқық иеленушілері, жылжымайтын мүлікке құқықтардың түрі мен туындау негіздемелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

5. Мемлекеттік органдар тіркеуші органдар белгілеген мерзімде мына ақпараттарды электронды түрде және қағаз жеткізгіштерде ұсынады:

1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары - жылжымайтын мүліктің жекешелендірілген тұрғын үй объектілері туралы, коммуналдық меншікте тұрған жылжымайтын мүлік объектілері туралы, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің орналасқан жері, жылжымайтын мүлікке құқықтарының түрі мен туындау негіздемесі көрсетілген құқық иеленушілері туралы ;

2) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық органдары - жер учаскелеріне ұсынылған, берілген, ауысқан құқықтар туралы, жер учаскесінің орналасқан жері, оны пайдалану мақсаты, алаңы, құқықтың түрі мен туындау негіздемесі көрсетілген олардың құқық иеленушілері туралы;

3) республикалық мемлекеттік меншікті иеленуге Қазақстан Республикасының Үкіметі өкілеттік берген мемлекеттік органдар мен оның аумақтық органдары - республикалық меншікте тұрған, олардың орналасқан жері көрсетілген жылжымайтын мүліктің жекешелендірілген объектілері туралы, сондай-ақ көрсетілген объектілердің сатып алушылары мен олардың құқықтарының туындау негіздемелері туралы мәліметтерді ұсынуы тиіс.

6. Осы Ереженің 5-тармағында санамаланған мемлекеттік органдар ақпаратты тіркеуші органға жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеу шеңберінде, өтеусіз негізде ұсынады.

7. Тіркеуші орган алынған ақпаратты Құқықтық кадастрдың деректерімен салыстырады, содан соң Қазақстан Республикасының жылжымайтын мүлікке

құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы заңнамада белгіленген тәртіппен оларды тіркеу үшін жылжымайтын мүлікке өздерінің құқықтарын (құқықтық ауыртпалықтарын) тіркемеген құқық иелеріне
х а б а р л а м а ж і б е р е д і .

Хабарлама нысаны мен оны жіберудің тәртібін Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігі бекітеді.

8. Жылжымайтын мүлікке өздерінің құқықтарын (құқықтық ауыртпалықтарын) тіркемеген құқық иелері туралы ақпаратты тіркеуші орган Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген шараларды қолдану үшін салық органдарына жібереді.

9. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезең-кезеңмен тіркеуді жүргізудің аумағы мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.